**2011 жылға арналған азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері мен кәсіптер (мамандықтар) тізбесін бекіту туралы**

Ақтау қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1338 Қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 02 ақпанда № 11-1-147 тіркелді

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына және «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы қаулысына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2011 жылға арналған азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері мен кәсіптер (мамандықтар) тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Т. Елтизаровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қала әкімі* *О. Қазақбаев*

"КЕЛІСІЛДІ":
"Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ-нің бастығы
К.М. Айбатырова

31 желтоқсан 2010 жыл

"Ақтау қалалық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ-нің бастығы
А.Н. Ким

31 желтоқсан 2010 жыл

Ақтау қаласы әкімдігінің
31 желтоқсан 2010 жылғы

№ 1338 қаулысына қосымша

## 2011 жылға арналған азаматтарды кәсіби даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлауға шығын мөлшері мен кәсіптер (мамандықтар) тізбесі.

| № | Мамандық-тар атауы | Оқы-тыла-тын-дар-дың саны | со-ның ішін-де ауыл тұр-ғын-дары | Оқу мер-зімі (ай) | Ор-таша оқу ақы-сы (1 ай) тең-ге | Оқу-дың бар-лық құны, мың тең-ге | Бір күн-ге жол құнытең-ге | Жол-дың жал-пы құны, мың тең-ге | Ме-ди-ци-на-лық куә-лан-дыру тө-лемі, мың тең-ге | Меди-цина-лық куә-лан-дыру-дың жалпы төле-мі, мың тенге | Оқытуға төлене-тін барл шығын, м теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Электр монтері | 17 | 3 | 2 | 10000 | 340 | 70 | 9 | 3,5 | 60 | 409 |
| 2 | Электр газбен дәнекер-леуші | 17 | 2 | 2 | 10000 | 340 | 70 | 6 | 3,5 | 60 | 406 |
| 3 | Аспазшы-кондитер | 30 | | 1,5 | 10000 | 450 | | | 3,5 | 105 | 555 |
| 4 | Хатшы-референт | 30 | 1 | 1 | 7300 | 219 | 70 | 2 | | | 221 |
| 5 | Бухгалтер (1С бағдарла-масы) | 25 | | 2 | 8000 | 400 | | | | | 400 |
| 6 | Шаштараз | 20 | | 1,5 | 15300 | 459 | | | | | 459 |
| 7 | ЭЕМ операторы | 24 | | 1 | 6500 | 156 | | | | | 156 |
| 8 | Тігінші | 16 | | 1 | 14000 | 224 | | | | | 224 |
| 9 | Массаж жасаушы | 13 | | 1,5 | 11000 | 215 | | | 3,5 | 46 | 260 |
| | Барлығы | 192 | 6 | | | 2803 | | 17 | | 270 | 3089 |

Ескерту: Жол ақысы тек ауыл тұрғындарына қарастырылған

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК